

MPHTI 06.71.57

JEL Classification: L83

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2024-1-80-91>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Э. С. Бөрібай^{1,4*}, Д. Д. Есимова^{2,4}, Г. К. Сатыбалдиева^{3,4}

¹Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

²Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан Республикасы

³С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана,

Қазақстан Республикасы

⁴Кастамону университеті, Кастамону, Түркия

АНДАТПА

Зерттеудің мақсаты: Қазақстанның тұрақты даму жағдайында экологиялық туризм саласын дамытудың ағымдық бағыттары сипатталып, рекреациялық және туристік инфрақұрылымдарды жаңғырту мен экологияландыру мәселелерін талдау.

Әдістемесі: мақалада Қазақстанда экологиялық туризмді дамыту бойынша басым бағыттары мен «жасыл» экономика негізінде туристік қызметті экологияландырудың тәсілдері қарастырылған. Зерттеулер аналитикалық талдау, сараптамалық бағалау, сипаттау, статистикалық шолу негізінде жүргізілген.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы: табиғи ресурстарды қорғау және азаматтардың қауіпсіздігі туризм саласындағы жүргізіліп отырған мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылады. Сондықтан экологиялық сертификаттауды әзірлеу арқылы мүдделі тараптарға құнды мағлұматтар мен жүзеге асырылатын жоспарларды ұсынуға бағытталған.

Зерттеу нәтижелері: Қазақстанда экотуризмді дамытуда экологиялық сертификаттау бағдарламаларын енгізу туристік аймақтардың имиджін қалыптастыруға оң әсерін тигізіп, олардың халықаралық нарықтағы танымалдылығын арттырады. Туризм саласында экологиялық сертификаттау жүйелері мен бағдарламаларын енгізу жаңа саяхатшыларды тарту үшін экологиялық ақпаратты ұсынудың тиімді тәсілі ретінде қолдануға негіз бар. Сол арқылы аймақтарда туризмді қарқынды дамытудың бағыты бойынша ағымдық мәселелерді айқындауға ықпал етеді және ұтымды шешім шығару бойынша ұсыныстар береді.

Түйін сөздер: экологиялық туризм, «жасыл» экономика, тұрақты даму, экологиялық сертификаттау, экологиялық қауіпсіздік, жасыл туризм.

Алғыс: Мақала «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ-ның 2023-2024 жж. Қазақстан Республикасының ғылыми қызметкерлері мен оқытушыларына арналған «500 ғалым» халықаралық ғылыми тағылымдамасы бойынша «Болашақ» бағдарламасы аясында жүргізілді.

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта туризм индустриясында ең қарқынды дамып келе жатқан сала – экологиялық туризм саласы. Дүниежүзілік саяхат және туризм кеңесі (WTTC) сарапшыларының мәлімдеуінше, жандық туризм индустриясы 2033 жылға қарай 2019 жылмен салыстырғанда 50 %-ға өсіп, 15,5 триллион долларды немесе әлемдік экономиканың 11,6 %-ын құрайды деп болжам жасап отыр [1]. Соның ішінде экологиялық туризм саласы әлемдік туризм нарығының 25 %-ын құрап отыр. Туризм саласы экономикалық өсудің және аймақтар арасындағы мәдениетаралық өзара әрекеттесудің маңызды факторы бола отырып, қарқынды дамып келе жатқанын атап өтуге болады. Сонымен қатар, туризм секторы

парниктік шығарындылардың маңызды көзі ретінде ғана емес, климаттың өзгеруінің салдарынан айтарлықтай зардап шегуде. Дүниежүзілік туристік ұйымның (UNWTO) пікірінше, дұрыс «жасыл» инвестициялармен туристік секторды одан әрі дамыту климаттың өзгеруін азайтуда маңызды үлес қосуға жол ашады [2; 3]. Соңғы жылдарда халықаралық туристік сапарлардың саны екі есеге артқан. Алынған статистикалық мәліметтерге сүйеніп жасалынған сарапшылардың болжамы бойынша 2030 жылға қарай туристердің саны 1,8 млрд. жетуі мүмкін.

Туризм секторы әлемдік жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 5 %-ын құрайды және әлемдегі әрбір 12-ші адам туристік аймақта жұмыс істейді.

Туризмнің дамуын климаттық факторлар бойынша қарайтын болсақ, туристік сектор климатқа ерекше сезімтал. Өйткені климат туристік маусымдардың ұзақтығы мен сапасын айқындайды. Сондықтан да туризм жаһандық жылындудан зардап шегуде, сонымен қатар климаттың өзгеруінің векторы болып табылады. Жаһандық CO₂ шығарындыларының шамамен 5 % туристік сектор қызметіне тиесілі (оның 2 % әуе көлігінен, 1,7 % құрлық көлігінен, 1 % келушілер арқылы).

Біріккен Ұлттар дүниежүзілік туризм ұйымы (UNWTO) мәліметі бойынша жыл сайын экотуристер саны 20 %-ға артып келеді. Сондықтан да, зерттеулер көрсеткендей, соңғы онжылдықта туризм әлемдік экономиканың жетекші дамушы секторларының біріне айналу үшін үздіксіз өсу мен әртараптандыруды тереңдете түсудің қажеттілігі туындап отыр.

Дүниежүзіндегі экотуризмнің дамуы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды сақтау және дамыту жүйесімен тығыз байланысты болғанымен, жыл сайын бұқаралық туризмнің келеңсіз теріс жақтары айқындала түсуде [4].

Адам қолы тимеген және таза табиғи орындардың көптігімен Қазақстан экотуризмді дамытуда орасан зор әлеуетке ие. Қазақстанда кең байтақ табиғи аумақтар, флора мен фаунаың алуантүрлілігі, табиғат ескерткіштері мен ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра мәртебесіне ие болған нысандары арқасында экологиялық туризмді дамыту үшін барлық алғышарттар бар. Бірегей табиғи ландшафттар, этномәдени туризммен үйлесетін экологиялық соқпақтар көптеген туристер үшін тартымды болуы мүмкін. Алайда Қазақстанда экологиялық туризм, жасыл туризм саласы жеткілікті түрде дамымаған.

Қазақстандағы Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік биосфералық резерваттар желісіне белсенді түрде ұсынылуда. Қазіргі уақытта Қазақстанның 12 ерекше қорғалатын табиғи аумақтары ЮНЕСКО биосфералық резерваттарының халықаралық мәртебесіне ие [5].

Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының жалпы ауданы 29,3 миллион гектарды құрайды, яғни шамамен 0,29 миллион км². Бұл көрсеткіш әлемде экотуризм саласы жақсы дамыған бірқатар елдермен салыстырғанда ондаған есе көп. Ал Қазақстандағы туристер саны жылына небәрі 2 млн адамды құрайды. Әлемде экотуризмді дамыту бойынша көшбасшы ел АҚШ-та бұл көрсеткіш жылына шамамен 200 миллион адамға, Австралияда 60 миллион адамға, Түркияда 30 миллион шетелдік туристке жетеді. Аталған елдер мұндай нәтижелерге ұлттық саябақтар мен табиғи аумақтарда заңнамамен реттелетін туризм менеджментінің дұрыс жолға қойылған жүйесінің және экотуризмді дамытудың арқасында қол жеткізді. Сондықтан, басқа мемлекеттер тәжірибесіне сүйене отырып, Қазақстандағы экотуризмді дамыту үшін жаңа бағыт, жаңа ұсыныстар қажет.


Мақаланы жазудағы мақсат – тұрақты даму мақсатында экотуризм саласындағы ағымды тенденцияларды зерделеу, «жасыл» экономика негізінде аймақтық рекреациялық және туризм инфрақұрылымын экологияландыру мен жаңғыртудың мәселелерін талдау болып табылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Материалдарды талдау. Экологиялық туризмді Қазақстанның тұрақты дамуының факторы ретінде қарастыруға болатыны анық. Қазақстан – ежелгі дәстүрі мен заманауи ерекшеліктерді біріктірген бірегей ел. Дүниежүзілік Legatum институтының өркендеу индексы бойынша туризмді дамыту арқылы Қазақстанда тұрақты дамуға қол жеткізуге негіз бар. Аталған институттың британдық сараптамалық

орталығы 2006 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Әлем елдерінің дамуы бойынша жетістіктерін, өркендеуін өлшейтін композиттік индекс белгіленген. 79 көрсеткіш негізінде біріктірілген сегіз санат: экономика, басқару саласы, кәсіпкерлік, білім беру, денсаулықты сақтау, қауіпсіздік, жеке бас бостандығы, әлеуметтік капитал бойынша құрастырылған. Әр елдің рейтингі осы көрсеткіштердің орташа мәнін есептеу арқылы анықталады. Бұл көрсеткіштер әлеуметтік зерттеулерге, статистикалық талдауларға және сауалнамалық бағалауларға негізделіп жасалынады. Статистикалық мәліметтерді Біріккен Ұлттар Ұйымы, Дүниежүзілік Банк, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Дүниежүзілік сауда ұйымы, Gallup, Economist Intelligence Unit, Pyramid Research және басқа халықаралық ұйымдар ұсынады [6].

Prosperity over time



Сурет 1 – Қазақстанның Prosperity Index рейтингіндегі көрсеткіші, 2023 ж.
Ескерту – [6] әдебиет негізінде құрастырылды

Қазақстан жалпы Prosperity Index рейтингінде 2023 жылы 69-шы орынға ие болды. 2011 жылдан бері Қазақстан рейтингтік кестеде 17 позицияға көтерілді. Қазақстан білім мен экономикалық сапа бойынша жақсы көрсеткіштерге ие. Он жыл бұрынғы рейтингпен салыстырғанда денсаулық сақтау саласында өрлеу байқалады [6].

Туризмді бірқатар елдер мен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының және экономикасын құрылымдық қайта құрудың басым бағыты ретінде қарастыруға болады [7].

Әртүрлі және маңызды рекреациялық және туристік ресурстық мүмкіндіктері бар, бірақ туризм индустриясының барлық негізгі буындарын бір тізбекке біріктіру мен дамыту жолына қойылмаған Қазақстан үшін жаһандық туристік нарықта бәсекеге қабілетті болудың маңызы арта түсуі мүмкін.

Халықаралық бәсекелестіктің күшеюі және жаһандану құбылысының қарқын алуы қазіргі әлемдік туризмге тән қасиет болып отыр. Мұндай құбылыстар туристік аймақтардың дамуына ықпал етеді. Әсіресе туризм саласы экономиканың басым секторына айналмаған, мемлекет тарапынан қажетті қолдауға ие емес және осал, баяу дамып жатқан елдердің нарықтағы сипатын әлсірете түседі. Мұндай жағдайлар кейде елдің туристік нарығының даму ерекшеліктерінен де туындайды.

Қазақстанда соңғы жылдарда туризм нарығының дамуында бір сызықты немесе векторлы бағыт алғаны байқалуда. Мұнда азаматтардың басқа елдерге саяхаттау сияқты туризмнің түрі басым сипатқа ие болуда. Рекреациялық аймақтардағы кейбір өңірлерде экологиялық туризмді дамыту бойынша қажетті институционалдық мүмкіндіктердің, басым бағыттардың жеткіліксіз екендігі байқалады. Бұл шын мәнінде туризмді елдің валюталық ресурстарын шығарудың тұрақты және қуатты арнасына айналдырды. Әрі ішкі нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті айналым қаражатының

тапшылығын тудыруы мүмкін. Ондай жағдай өз кезегінде ішкі туризм нарығының дамуын бюджеттік және бюджеттен тыс қорлардың жетіспеушілігі, қолайлы мөлшерлеме бойынша несиелендірудің болмауы, сондай-ақ, экономиканың туристік секторына халықаралық және ішкі инвестициялардың ағынын ынталандыратын қолайлы жағдайларды іске қосуға кедергі келтіреді.

Жасыл туризм секторында соңғы жылдары түбегейлі өзгеріске ұшырады және пайдаланушылар туристік веб-сайттарға кіре отырып және саяхат тәжірибесімен бөлісу үшін бір-бірімен пікір алмасуда туризм 3.0 даму бағытын ұстануда. Осыған байланысты туризм саласындағы кәсіпорындар үшін озық онлайн технологияларды дамыту маңызды болып отыр. Өйткені олар туристерге «өнімді, тиімді және бәсекеге қабілетті қызметтерді» ұсынатын ірі операторлық платформаларға желіге қол жеткізуді, смарт-бағыттар мен әлеуетті арттыруды қамтамасыз етеді [8; 18].

Дүниежүзілік туристік ұйым қазіргі уақытта UNWTO-ны туризмдегі төртінші өнеркәсіптік революцияның жаһандық жетекші агенттігі ретінде орналастыруға бағытталған инновациялық және цифрлық трансформация стратегиясына назар аударуда. Сол арқылы жаңа қиындықтарды болжау, оларға қарсы тұру, еңсеру және туризм секторындағы жаңа трендтерге бейімделу үшін барлық мүмкіндіктерді қолдану көзделген.

Қоршаған ортаны қорғау және азаматтардың қауіпсіздігін сақтау мемлекеттік ұлттық саясаттың басты құрамдас бөлігі болып табылады. Табиғи ортадағы қауіпсіз демалысты таңдайтын туристер ағымы жыдан-жылға артып келеді. Бұл ретте туризм және қонақ үй саласының мамандары саяхатшылардың экологиялық жауакершілігі артқанын атап өтті [8].

Дегенмен, туристік бизнес саласындағы кәсіпорындардың тиімділігін бағалауда экономикалық нәтижелер ғана басты назарда ұстанған. Сондай-ақ, экологиялық әсердің экономикалық әсерлерге нақты айналу мүмкіндіктері де айқындалуда. Туристік аймақтарда «жасыл» инновацияларды енгізу көп жағдайда қызмет көрсетудің құнының өсуімен байланысты жүреді. «Жасыл» инновацияның мәні туристік секторды дамытуға, қоршаған ортаға антропогендік әсерлерді азайтуға және табиғи шикізат ресурстарын үнемдеуді қамтамасыз етудің тиімді жолы [9]. Осындай механизмдерді қолдану арқылы экологиялық туризмді дамытуға болады.

Ұлыбританиялық АВТА туристік қауымдастығының зерттеулеріне сәйкес, әрбір үшінші демалушы қонақүйлерде жұлдыздардан басқа экологиялық рейтингісінің болуы керек деп есептейді. Саяхаттау кезінде экологиялық стандарттарды сақтауға дайын (38 %), сондай-ақ жылына бірнеше рет демалуға баратын туристердің саны артып келеді (49 %) [10].

Халықаралық туризм саласы бойынша *Travellife Sustainability System* халықаралық ұйымы «жасыл» технологияларды ендірумен айналысады. Аталған ұйым қоршаған ортаны қорғау іс-шараларымен айналысатын, насихаттайтын туроператорларды, қонақүйлерді және қонақтарды да ынталандырады.

Travellife – туристік индустриядағы тұрақты тәжірибелерді ілгерілетуге және қонақ үйлерге әлеуметтік және экологиялық мәселелерді басқаруға, бақылауға көмектесуге бағытталған халықаралық сертификаттау жүйесі.


Travellife Sustainability жүйесінде кәсіпорындардың жетістіктеріне байланысты марапаттар беретін арнайы әзірленген экологиялық аудит жүйесі бар. Бұл бастаманы көптеген ірі туристік және демалыс кәсіпорындары қолдайды. Бүгінгі таңда *Travellife* жүйесінде 17 мың қонақүй тіркелді, оның ішінде 1500 кәсіпорын толық экологиялық сараптамадан өтті. Ал 500-ден астамы экология саласында британдық туристік қауымдастығының лайықты марапаттарына ие болды [11].

UNWTO және UNEP сарапшыларының қорытындысына сәйкес «Туризм және жасыл экономика» туралы баяндамасында аймақтарды «жасыл инвестиция» бағдарламасы бойынша дамыту сценарийінде көрсеткендей 2050 жылға дейін туризм секторындағы энергия тұтынуды 44%-ға, CO₂ шығарындыларын 52%-ға қысқартуға мүмкіндік береді. Осындай «жасыл» туризм бағытын ұстанған елдердің бірі – Түркия.

Түркия бірегей туристік және рекреациялық әлеуетке ие мемлекет. Оның аумағында маңызды табиғи ресурстар мен тарихи мұра нысандары орналасқан. «Жасыл туризм» жобасы Түркияда 2023 жылдан

бері Тұрақты туризм жөніндегі жаһандық кеңеспен ынтымақтастық келісімі аясында жүзеге асырылып жатқаны белгілі. Бұл бағдарлама климат бойынша Париж келісімі негізінде жергілікті туризм индустриясына жаһандық тұрақты даму тәжірибесін енгізуге және қоршаған ортаның ластануын азайтуға мүмкіндік береді. Түркия тәжірибесі Қазақстан үшін де экотуризмді, жасыл туризмді дамытуға бастама болатын басым бағыт ретінде айқындауға негіз бар. Сонымен қатар, Қазақстанның аймақтары үшін экономикалық дамыған аймақтарға тән экологиялық мүмкіндігі жағынан қауіпін төндіретін шамадан тыс табиғи және техногендік жүктеменің болуы. Бұл энергияны қарқынды тұтынумен, шаруашылық кешені технологияларының жоғары «қалдықтарымен» байланысты және биосферадағы жағымсыз көріністермен қатар жүреді.

Қазақстан аймақтарында энергетика, өнеркәсіп, көлік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларында қолданылатын технологиялар энергияны тұтынумен қатар ауаны, суды, топырақты ластаушы негізгі көздер болып табылады. 2022 жылы стационарлық көздерден ауаға ластаушы заттардың шығарындылары 2 314,7 мың тоннаны құрады және олардың деңгейі 2021 жылмен салыстырғанда 3,8 %-ға төмендеген. Ол туралы мәліметтер 2-суретте көрсетілген [12]. Жаңа Экологиялық кодекстің күшіне енуіне байланысты табиғи ресурстарды пайдаланушылардың объектілерін санаттарға жатқызу тәртібі өзгертілді. IV санаттағы объектілер қоршаған ортаны қорғау заңнамасына сәйкес мемлекеттік реттеу шараларынан босатылғандықтан, стационарлық көздерден атмосфераға шығарындыларға статистикалық мониторинг жүргізуге енгізілген жоқ. Бұл өзгерістер 2022 жылы шығарындыларды азайту факторларының бірі болып табылады.




Сурет 2 – Ауаға шығарылатын ластаушы заттардың мөлшері, мың тонна
Ескерту – [12] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды.

Әуе бассейніне шығарылатын эмиссиялардың жалпы көлемінің 79,6 % газды қоспалар мен сұйық заттар. Шығарындылардың 20,4 %-ы қатты заттар болды. Ластаушы заттардың басым көлемі негізінен индустриалды аймақтарға тән Павлодар (724,2 мың тонна) және Қарағанды (469 мың тонна) облыстарының аумақтарында қалыптасқан.

Республикамыздың ауа бассейніне 2022 жылдың статистикалық көрсеткіштері бойынша 213,4 т. қорғасын және оның қосылыстары; 73,9 т. марганец және оның қосылыстары; мыстың тотығы – 103,1 т, күкірт қышқылы - 382,2 т., сынап – 264 кг аса қауіпті ластағыш қоспалар шығарылған (3-сурет) [12].

Кәсіпкерлік субъектілерінің қоршаған ортаны қорғауға бағытталған шығындары 2021 жылғы 417 млрд теңгемен салыстырғанда 2022 жылы 444 млрд теңгені құрады. Экологиялық шығындардың айтарлықтай басым үлесін (92,8%) өнеркәсіптік кәсіпорындар жүзеге асырады.



Сурет 3 – Атмосфераны ластаушы негізгі заттар, 2018-2022 жж.

Ескерту – [12] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы әлемдік қауымдастықты «жасыл» экономикаға көшу жолында 2012-2050 жылдарда жаһандың ЖІӨ-нің 2%-ын негізгі басым бағыттар бойынша инвестициялауды негіздеп отыр. Ол басым бағыттарға: тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық, энергетика, орман шаруашылығы, туризм саласы, көлік, су ресурстарын басқару, қалдықтарды басқару жатады. Мұндай жетістіктерге жету технологиялық инновациялар, экологиялық таза көлікке көшу және қонақ үй индустриясында энергия мен қоршаған ортаны тиімді басқару шараларын үйлесімді басқару жолында ғана қол жеткізу мүмкін.

Туризм секторын басқаруда экологиялық менеджменттің ажырамас құрамдас бөлігі ISO 14001 (EMS) экологиялық менеджмент стандарты. Ол 1991 жылы Халықаралық стандарттау қауымдастығымен құрылған. Стандарттарға сәйкес болу үшін нақты экологиялық саясаттың бар екенін растауы керек. Бірқатар елдерде ISO 14001-ге қосымша өздерінің мемлекеттік стандарттары жасалған. Мәселен, Ұлыбританияда – BS 7750 экологиялық менеджмент жүйесі; Канадада CAN/CSA Z750-94: Қоршаған ортаны басқару жүйесіне арналған нұсқаулықтар, Еуропалық Одақта – EMAS стандарты белгіленген. Сонымен қатар, әлемде қоршаған ортаны басқару жүйесін әзірлеумен және енгізумен айналысатын бірқатар ұйымдар бар.

UNWTO мәліметтері бойынша экологиялық сертификаттау бойынша стандарттарды құруға және оны бекітуге бағытталған 60-тан астам халықаралық бағдарламалар әзірленген. Әр бағдарлама негізінде орта есеппен 50-ден аса туристік компаниялар жұмыс жасайды. Экологиялық сертификаттау бойынша экотуризм және қонақжайлылық секторы үшін шамамен 100-ден аса экологиялық белгілер мен арнайы марапаттар белгіленген [13].

Экотуризм саласындағы ең танымал халықаралық сертификаттау бағдарламаларының бірі – «Green Globe 21» бағдарламасы. Бұл бағдарламаны әлем бойынша 50-ден астам елде жұмыс істейтін британдық компания әзірлеген. Бұл бағдарлама халықаралық мәртебеге ие бола отырып туристік инфрақұрылымдардан басқа қонақ үйлерді, авиакомпаниялар, круиздік лайнерлер, темір жолдар мен мейрамханаларды қамтиды.

«Green Globe 21» сертификаттау стандарттары алты түрлі бағыт бойынша жүргізіледі:

- қалдықтарды басқару;
- энергияны үнемдеу және энергия тиімділік;
- ауыз суды тұтынуды, пайдалануды үнемдеу;
- ақаба суларды басқару;

- экологиялық сауда саясаты;
- әлеуметтік және мәдени даму.

«Green Globe 21» стандарттарына сәйкестікті растау бірнеше деңгейлер бойынша жүргізіледі. Осындай градациялар арқылы туристік қызметтердің мүдделі тұтынушылары сертификатталған объектінің экологиялық жауапкершілік дәрежесін бағдарлай алады.

Қазақстан мемлекетінде де көптеген іс-шаралар жүргізілуде. Мәселен, Қазақстанда бизнесті экологиялық сертификаттаудан өтуге және жоғары экологиялық талаптарға (субсидиялар, салықтық жеңілдіктер, мемлекеттік сатып алулар кезіндегі преференциялар және т.б.) сәйкес келуге ынталандыратын заңнамалық реттеу шараларының тізбесі жасалынған. Шаралардың ішінде қалдықтарды басқару жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдату көзделген. Бұл өз кезегінде рұқсат етілмеген полигондар, иесіз қалдықтар көлемін ұлғайту және қоршаған ортаны ластаудың өзге де жағдайлары мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Ағаштарды заңсыз кесу жауапкершілігі күшейтілді. Осылайша, ағаштарды кескені үшін әкімшілік айыппұл мөлшері 5 есеге ұлғайтылады, ал құқық бұзушылық қайталанған немесе ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда кесілген жағдайда ірі кәсіпорындарға 1500 АЕК дейін айыппұл салынады. Егер келтірілген залал 100 АЕК-тен асса, онда қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Сонымен қатар, салық кодексіне өзгерістер енгізілді. Ең үздік қолжетімді технологияларды енгізу арқылы кешенді экологиялық рұқсат алған жаңа объектілердің операторлары үшін эмиссиялар үшін төлемдерден босату бойынша тиісті түзетулер енгізілді. Дәл осындай тетік жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар үшін де көзделген. Бірақ олар эмиссиялар үшін төлемдерден босату үшін экологиялық тиімділікті арттыру және ең жақсы қолжетімді технологияларды енгізу бағдарламасын әзірлеп, іске асыруы қажет.

Кешенді экологиялық рұқсат алмаған бірінші санаттағы жұмыс істеп тұрған объектілер бойынша қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемақы мөлшеріне 2, 4 және 8 есе ұлғайтылған коэффициенттер қолданылатын болады. Сонымен қатар, I санаттағы 50 ірі нысан үшін мұндай ұлғаю 2025 жылдан, ал I санаттағы қалған нысандар үшін 2031 жылдан басталады. Айта кету керек, әр 3 жыл сайын өсу коэффициенттері 2 есе артады. Яғни, бүгін жұмыс істейтін әрбір ірі кәсіпорын ертең өз бетінше таңдау жасайды. Бұл түрдегі жұмыстары қоршаған ортаға теріс әсер етсе, жыл сайын өсіп келе жатқан экологиялық төлемді төлейді немесе қол жетімді ең озық технологияны енгізе алады. Сол арқылы ластаушы заттардан арылып, эмиссия төлемдерінен босатылады [14].

Қазақстанда Ұлттық және халықаралық экотуризм саласындағы қолданыстағы стандарттардың бірнеше түрлері жасалынды. Атап айтсақ, Қазақстандық туристік қауымдастық сарапшылары әзірлеген:

1) Ұлттық стандарт STRK 2851-2016 «Туристік-экскурсиялық қызмет көрсету. Қонақ үйлер. Жалпы талаптар», ҚР ИИДМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қазақстандық стандарттау және сертификаттау институты» РМК 2016 жылғы 25 қарашадағы №300-НҚ бұйрығымен бекітілген.

2) Алтын (5 қызғалдақ – жайлылықтың Алтын деңгейі), күміс (3 қызғалдақ – жайлылықтың күміс деңгейі) және қола жайлылық деңгейлерін (1 қызғалдақ) беруді көздейтін Қонақ үйлерді ерікті сертификаттау жүйесі бар [15].

Сонымен қатар, Қазақстанда экотуризм саласы бойынша бірнеше іске асқан жобаларды да атап өткен жөн. Оларға сараптама жасасақ:

Бірінші жоба: Орталық Азияда инклюзивті экономикалық дамуды үйлестіру үшін ауылдық туризм және жалпы туристік бизнес ұйымдарының әлеуетін күшейту. Жобаның мақсаты Орталық Азияда сертификатталған қонақ үйлердің орталықтандырылған желісін құру. Орталық Азия аймағын халықаралық туристік нарықта экотуристік бағыт ретінде орналастыру болды. Нәтижесінде, сертификатталған қонақ үйлердің санын 88-ден 140-қа дейін артты. Экотуристік қызметтердің кәсіби провайдерлерінің санының артуы ішкі және келу туризмінің дамуына әсер етті. Орталық Азияның халықаралық туристік нарықта экотуристік бағыт ретінде орналасуына оң әсер етті. Жергілікті халықтың әл-ауқатын жақсартуға, жұмыспен қамтылған халықтың санын ұлғайтуға, өңірлерде жаңа жұмыс орындарының пайда болуына катализатор болды. Әсіресе жастардың еңбек көші-қонына оң әсер ете отырып, жергілікті халықта экологиялық ойлауды қалыптастыруға түрткі болды [16].

Екінші жоба: Қазақстандағы туристік сектордың МСАК-да SCP практикасын және Еуропалық Одақ, SWITCH ASIA орнықты даму схемаларын енгізу. Жобаның мақсаты Қазақстанның туристік секторының қонақ үйлерде, туроператорларда МСАК-қа *Travellife* орнықтылығын сертификаттау жүйесін енгізу арқылы экологиялық коммерцияландыруға болады [17].

Үшінші жоба: Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасының Экологиялық туризм саласындағы жобалау қызметі туралы. Бұл жоба негізінде Қазақстанда Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге экотуризмнің қосқан үлесі бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ұсынымдар. Мақаланы тұжырымдай отырып, біз экотуризмді дамытуда «жасыл» экономика парадигмасының идеяларын және табиғат пен тұрақты қоршаған ортаны сақтаудың халықаралық тәжірибесін дәйекті жүзеге асыру деп санаймыз. Бұл тұрғыда экологиялық сертификаттау тауарлар мен қызметтерді өндіруге арналған «жасылдандыру» технологияларының құралы ретінде әрекет ету және аймақтарда экотуризмді тұрақты дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін өте маңызды. Экологиялық сертификаттау рәсімінен өтуге байланысты талаптардың көпшілігі тұрақты туризмнің мәнін көрсетеді. Сонымен қатар, экологиялық сертификаттау бағдарламаларын енгізу туристік аймақтардың имиджін қалыптастыруға оң әсерін тигізіп, олардың халықаралық нарықтағы танымалдылығын арттырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Туризм экономикалық өсуді ынталандыруға, жұмыс орындарын құруға, кедейшілікті азайтуға үлес қосуға және тұрақты даму мен бейбітшілікті ілгерілетуге ең қолайлы секторлардың бірі. Әлемдік ЖІӨ-нің 10% құрайтын туризм экспортқа, жұмыс орындарын құруға, инвестицияға, инфрақұрылымды дамытуға және әлеуметтік бағытты ынталандыруға айтарлықтай әсер етеді. Туризм әлемде химия өнеркәсібі мен мұнай өнімдерінен кейін экспорттық тауар ретінде үшінші орында. XX ғасырдың соңғы жылдарында пайда болған әлемдік туризмнің даму тенденциялары XXI ғасырдың екінші онжылдығында да туристік индустрияның барлық сегменттерінің ішінде экотуризм саяхаттың ең серпінді дамып келе жатқан түрлерінің бірі екенін көрсетті. Бұл Қазақстанның ішкі және сыртқы туризм нарығы үшін өзекті мәселе. Себебі, Қазақстанда ол әртүрлі бірегей, өзінің бастапқы түрінде дерлік сақталған, экологиялық таза табиғи ландшафттары бар. Алайда, Қазақстан Республикасындағы экологиялық туризм саласындағы қол жеткен жетістіктер қанағаттанарлық деңгейде емес, өте қарапайым. Бірақ, осы салада бірнеше іс шаралар атқарылған. Іске асқан жобалар негізінде экологиялық стандарттары жасалынып, сертификаттау жұмыстары жүргізілді. Қазақстандағы экотуризмді дамыту жақын болашақтың үлесінде деп айтуға болады. Туризм саласында экологиялық сертификаттау жүйелері мен бағдарламаларын енгізу жаңа саяхатшыларды тарту үшін экологиялық ақпаратты ұсынудың тиімді тәсілі ретінде аймақтарда жалпы туризмді дамытудың прогрессивті бағыты болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шохан Р., Муталиева Л. М. Туристская дестинация как механизм устойчивого развития региона // *Central Asian Economic Review*. – 2023. – 3. – С. 83-93. – DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2023-3-83-93>.
2. Отчет UNWTO: международный туризм в 2021 году [Электронды ресурс] // B2B. Ostrovok.ru [web-портал]. – 2021. – URL: <https://b2b.ostrovok.ru/blog/otchyot-unwto-mezhdunarodnyj-turizm-v-2021-godu/> (Қарау уақыты: 15.01.2024).
3. Нездойминов С. Г. Экологизация туризма как фактор устойчивого развития туристских регионов // *Региональные исследования*. – 2014. – № 1(43). – С. 133-139.
4. Azhayev G., Sonko S. M., Safarov R., Shomanova Zh., Sambou A., Yessimova D. Geoecological environmental evaluation of Pavlodar region of the republic of Kazakhstan as a factor of perspectives for touristic activity // *Geo journal off Tourism and Geosites*. – 2020. – 28(1). – P. 104-113. – DOI: 10.30892/gtg.28108-455.

5. Информация по ООПТ [Электронды ресурс] // Комитет лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан [web-портал]. – 2020. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/forest/press/article/details/9030?lang=ru> (Қарау уақыты: 15.01.2024).
6. Rankings [Электронды ресурс] // The 2023 Legatum Prosperity Index [web-портал]. – 2023. – URL: <https://www.prosperity.com/rankings> (Қарау уақыты: 15.01.2024).
7. Концепция развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2023 года: Утв. Постановлением Правительства Республика Казахстан от 30 июня 2017 года, № 406 [Электронды ресурс] // Әділет [web-портал]. – 2017. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000406> (Қарау уақыты: 15.01.2024).
8. Шадиметов Ю., Айрапетов Д. Экотуризм и устойчивое развитие // International Journal of Professional Science. – 2024. – № 2(2). – С. 26-35.
9. Бюро национальной статистики РК. Туризм Казахстана. Статистический сборник за 2017-2021 года на казахском и русском языках. – Астана, 2022. – 106 с.
10. Code of Conduct and ADR Annual Report 2022/2023 [Электронды ресурс] // ABTA The Travel Association [web-сайт]. – September 2023. – URL: <https://www.abta.com/about-us/code-of-conduct> (Қарау уақыты: 15.01.2024).
11. Yessim A. Analysis of The Economic State of the Tourist Industry in The Pavlodar Region (Kazakhstan) // GeoJournal of Tourism and Geosites. – 2023. – № 2(47). – P. 596-604. – DOI: 10.30892/gtg.47227-1059.
12. Статистика окружающей среды. Об охране атмосферного воздуха в Республике Казахстан (2022 г.) [Электронды ресурс] // Агентство по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан Бюро национальной статистики [web-сайт]. – September 2023. – URL: <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT466944> (Қарау уақыты: 15.01.2024).
13. Ryglova K. Eco-certification as a tool of sustainable tourism // Zemedelska Ekonomia-Praha-. – 2007. – № 3(53). – P. 138-143.
14. Байбуриев Р. М. Роль экологического туризма в развитии сельских территорий. Монография. – КазНУ им. Аль-Фараби, 2023. – 140 с.
15. Қазақстан туризмі. Статистикалық жинақ 2017-2021 жж. – 2021. – 65 б.
16. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысы [Электронды ресурс] // Әділет [web-портал]. – 2019. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360> (Қарау уақыты: 25.12.2023).
17. Внедрение практики SCP и схем устойчивого развития в ММСП туристического сектора в Казахстане [Электронды ресурс] // Hospitality Kazakhstan [web-сайт]. – 2019. – URL: <https://hospitality-kazakhstan.kz/o-nas/nashi-proekty/sustouka/> (Қарау уақыты: 25.12.2023).

REFERENCES

1. Shohan, R., & Mutaliev, L. M. (2023). Turistskaya destinaciya kak mekhanizm ustojchivogo razvitiya regiona. *Central Asian Economic Review*, 3, 83-93. <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2023-3-83-93> (In Russian).
2. Otchet UNWTO: mezhdunarodnyj turizm v 2021 godu. (2021). V2V. Ostrovok.ru. Retrieved January 15, 2024, from <https://b2b.ostrovok.ru/blog/otchyot-unwto-mezhdunarodnyj-turizm-v-2021-godu/> (In Russian).
3. Nezdjominov, S. G. (2014). Ekologizaciya turizma kak faktor ustojchivogo razvitiya turistskih regionov. *Regional'nye issledovaniya*, 1(43), 133-139 (In Russian).
4. Azhayev, G., Sonko, S. M., Safarov, R., Shomanova, Zh., Sambou, A., & Yessimova, D. (2020). Geocological environmental evaluation of Pavlodar region of the republic of Kazakhstan as a factor of perspectives for touristic activity. *GeoJournal of Tourism and Geosites*, 28(1), 104-113. <https://doi.org/10.30892/gtg.28108-455>

5. Committee of Forestry and Wildlife of the Ministry of Ecology and Natural Resources of the Republic of Kazakhstan. (2020). Informaciya po OOPT. Retrieved January 15, 2024, from <https://www.gov.kz/memleket/entities/forest/press/article/details/9030?lang=ru> (In Russian).
6. Rankings. (2023). The 2023 Legatum Prosperity Index. Retrieved January 15, 2024, from <https://www.prosperity.com/rankings>.
7. Konceptsiya razvitiya turistskoj otrasli Respubliki Kazahstan do 2023 goda: Utv. Postanovleniem Pravitel'stva Respublika Kazahstan ot 30 iyunya 2017 goda, № 406. (2017). Adilet. Retrieved January 15, 2024, from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000406> (In Russian).
8. Shadimetov, Yu., & Ajrapetov, D. (2024). Ekoturizm i ustojchivoe razvitie. International Journal of Professional Science, 2(2), 26-35 (In Russian).
9. Turizm Kazahstana. Statisticheskij sbornik za 2017-2021 goda na kazahskom i ruskom yazykah. (2022). Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan. Astana. 106 p.
10. Code of Conduct and ADR Annual Report 2022/2023. (2023). ABTA The Travel Association. Retrieved January 15, 2024, from <https://www.abta.com/about-us/code-of-conduct>.
11. Yessim, A. (2023). Analysis of The Economic State of the Tourist Industry in The Pavlodar Region (Kazakhstan). GeoJournal of Tourism and Geosites, 2(47), 596-604. <https://doi.org/10.30892/gtg.47227-1059>
12. Statistika okruzhayushchej sredy. Ob ohrane atmosfernogo vozduha v Respublike Kazahstan (2022 g.). (2023). Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan. Retrieved January 15, 2024, from <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT466944> (In Russian).
13. Ryglova, K. (2007). Eco-certification as a tool of sustainable tourism. Zemedelska Ekonomika-Praha, 3(53), 138-143.
14. Bajburiev, R. M. (2023). Rol' ekologicheskogo turizma v razvitii sel'skih territorij. Monografiya. KazNU im. Al'-Farabi. 140 p. (In Russian).
15. Kazakstan turizmi. Statistikalık zhinak 2017-2021 zhzh. (2021). 65 p. (In Kazakh).
16. Kazakstan Respublikasynyn turistik salasyn damytudyn 2019-2025 zhyldarga arnalgan memlekettik bagdarlamasyn bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2019 zhylygy 31 mamyrdayy № 360 kaulysy. (2019). Adilet. Retrieved December 25, 2023, from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360> (In Kazakh).
17. Vnedrenie praktiki SCP i skhem ustojchivogo razvitiya v MMSP turisticheskogo sektora v Kazahstane. (2019). Hospitality Kazakhstan. Retrieved January 15, 2024, from <https://hospitality-kazakhstan.kz/o-nas/nashi-proekty/sustouka/> (In Russian).

CURRENT DEVELOPMENT TRENDS ECOLOGICAL TOURISM IN KAZAKHSTAN

E. S. Boribay^{1,4*}, D. D. Yessimova^{2,4}, G. K. Satybaldiyeva^{3,4}

¹ Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

²Toraighyrov University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan

³Kazakh Agrotechnical Research University named after S. Seifullin, Astana, Republic of Kazakhstan

⁴Kastamonu University, Kastamonu, Turkey

ABSTRACT

The purpose of the research: to study the development of eco-tourism in the context of sustainable development of Kazakhstan and to analyze the problems of modernization and greening of recreational and tourist infrastructure.

Methodology: the article considers the priority directions of the development of eco-tourism in the country and the ways of greening tourism activities based on the "green" economy. The research was conducted on the basis of an analytical and statistical review, expert assessment, and description.

Originality/value of the research: the priority direction of the state policy in the field of tourism is the protection of natural resources and the safety of citizens. In this regard, the development of environmental certification is aimed at providing stakeholders with valuable information and practical plans

Findings: the introduction of environmental certification programs in the development of ecotourism in Kazakhstan has a positive effect on the formation of the image of tourist areas and increases their popularity on the international market. The introduction of environmental certification systems and programs in the field of tourism as an effective way of presenting environmental information to attract new travelers contributes to understanding existing problems and making rational decisions and recommendations for the development of tourism in the regions.

Keywords: ecological tourism, "green" economy, sustainable development, environmental certification, environmental safety, green tourism.

Acknowledgment: the article was carried out within the framework of the international scientific internship "500 Scientists" for researchers and teachers of the Republic of Kazakhstan JSC "Center for International Programs" under the "Bolashak" program for 2023-2024.

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ

Э.С. Борибай^{1,4*}, Д.Д. Есимова^{2,4}, Г.К. Сатыбалдиева^{3,4}

¹Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

²Торайгыров университет, Павлодар, Республика Казахстан

³Казахский агротехнический исследовательский университет имени. С. Сейфуллина,
Астана, Республика Казахстан

⁴Университет Кастамону, Кастамону, Турция

АННОТАЦИЯ

Цель исследования: изучение развития экологического туризма в условиях устойчивого развития Казахстана и анализ проблем модернизации и экологизации рекреационной и туристической инфраструктуры.

Методология: в статье рассмотрены приоритетные направления развития экологического туризма в стране и пути экологизации туристской деятельности на основе «зеленой» экономики. Исследования проводились на основе аналитического и статистического обзора, экспертной оценки, описания.

Оригинальность / ценность исследования: приоритетным направлениям государственной политики в сфере туризма является охрана природных ресурсов и безопасность граждан. В связи с этим, разработка экологической сертификации направлена на предоставление заинтересованными сторонам ценной информации и практических планов.

Результаты: Внедрение программ экологической сертификации в развитие экотуризма в Казахстане положительно влияет на формирование имиджа туристических территорий и повышает их популярность на международном рынке. Внедрение систем и программ экологической сертификации в сфере туризма как эффективного способа представления экологической информации для привлечения новых

путешественников способствует пониманию существующих проблем и принятию рациональных решений и рекомендаций в целях развития туризма в регионах.

Ключевые слова: экологический туризм, «зеленая» экономика, устойчивое развитие, экологическая сертификация, экологическая безопасность, зеленый туризм.

Благодарность: Статья выполнена в рамках международной научной стажировки «500 ученых» для научных сотрудников и преподавателей Республики Казахстан АО «Центр международных программ» по программе «Болашак» на 2023-2024 гг.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Бөрібай Эльмира Сартайқызы – биология ғылымдарының кандидаты, профессор, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: elmira.boribay@narhoz.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7058-414X>*

Есимова Динара Даутовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан Республикасы, e-mail: dika-73@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-9417-3882>.

Сатыбалдиева Гульмира Калмашевна – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан Республикасы, e-mail: gkalmashevna@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-3179-7484>.